Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы

Қазақстан Республикасы,
ШҚО, 070003, Өскемен қаласы
Нурсултан Назарбаев даңғылы, 17
тел/факс 75-24-71, 76-78-61
E-mail:vkocseerk@mail.ru
БСН: 150741016600

Филиал Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения "Национальный центр экспертизы" Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Восточно-Казахстанской области

070003, Республика Казахстан,
ВКО, г. Усть-Каменогорск
пр Нурсултана Назарбаева,17
тел/факс 75-24-71, 76-78-61
E-mail: vkocseerk@mail.ru
БИН: 150741016600

Т. Совет бекқызына
Ақпарат үшін
С.Ш. Жуф
20.11.2023 ж.

ҚР ДСМ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ «ҰЛТТЫҚ САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ РМК ШҚО БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Шығыс № 5346
«30» 12 2021 ж.

Барлық мүдделі тараптарға

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы *(бұдан әрі – ҰСО Филиалы)*, *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі, қорғаныс және ғылымды қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 15 қарашадағы № 72-VII ҚРЗ Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(бұдан әрі –Заң)* өзгерістер мен толықтырулар енгізілгендігін хабарлайды.

Атап айтқанда, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарларды *(100 АЕК-ке дейін)*, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді *(500 АЕК-ке дейін)* бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Заңның нормасын *(39-баб 3-тармағы 42) тармақшасы)* алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Алайда, *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі, қорғаныс және ғылымды қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 15 қарашадағы № 72-VII ҚРЗ Заңының 1-бабы 21-тармағы 30) тармақшасына сәйкес, Заңның 39-бабы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай редакциядағы 4-тармақпен толықтырылады:

«4. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен форматтық-логикалық бақылау ескеріле отырып жүзеге асырылады.».

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 3-тармағы 17) тармақшасына сәйкес, форматтық-логикалық бақылау *(бұдан әрі –ФЛБ)* – веб-порталда белгіленетін, веб-порталды пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

сатып алу туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалық шектеулер кешені.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында тапсырыс берушілер бір көзден алу тәсілімен шарттар жасасуға құқығы бар өнім берушілердің тізімі *(бұдан әрі – ФЛБ тізімі)* жарияланғанын атап өткен жөн *(https://goszakup.gov.kz/ru/flk/index)*.

ФЛБ тізіміне сәйкес, тапсырыс берушілер келесі тауарлар, жұмыстар және қызметтер кодтары *(ТЖҚҚ/КТРУ)* бойынша қызметтерді сатып алу кезінде ҰСО-мен бір көзден алу тәсілімен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуға құқығыңыз бар:

- 812913.000.000000 - Санитарлық қызмет көрсетулер (дезинфекция, дезинсекция, дератизация және соларға ұқсас);
- 841212.000.000003 - Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің қызмет көрсетулері;
- 841212.015.000000 - Фармакологиялық және бактериологиялық зертханалардың қызмет көрсетулері;
- 712019.000.000009 - Диагностикалау/сараптау/талдау/сынау /тестілеу/тексеріп қарау бойынша қызметтер;
- 712019.000.000010 - Зертханалық/зертханалық-аспаптық зерттеулер/талдаулар жүргізу бойынша қызмет көрсетулер;
- 749013.000.000004 - Радиологиялық мониторинг/зерттеу/бақылау жүргізу бойынша қызмет көрсетулер.

Бұдан бөлек, 2015 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының № 841 бұйрығымен бекітілген Жарғыға сәйкес, ҰСО халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік ұйым болып табылады.

Осыған орай, ҰСО-мен бір көзден алу тәсілімен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу үшін жоғарыда аталған ТЖҚҚ/КТРУ пайдалану қажет.

Шарттарды жасасуға Заңның 39-бабы 3-тармағының 36) тармақшасы негіз болып табылады.

Өз кезегінде, ҰСО Филиалы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік ұйым ретінде шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындауға және нәтижелердің сенімділігіне кепілдік береміз.

Құрметімізді білдіре отырып, ұзақ мерзімді және жемісті ынтымақтастыққа мүдделіміз!

ҰСО Филиалының Директоры **Байшыбаева Р.А.**

орын. Ортангалиев У. С.
тел.8(7232)76-78-61